

Қазақстан Республикасында балалар халқына паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 18 желтоқсандағы № 166 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 18 желтоқсанда № 37607 болып тіркелді

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 32) тармақшасына және 126-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасында балалар халқына паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ана мен бала денсаулығын сақтау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

А. Альназарова

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2025 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 166 Бұйрықпен
бекітілген

Қазақстан Республикасында балалар халқына паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында балалар халқына паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 32) тармақшасына және 138-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында балалар халқына паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

2. Осы Стандартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам;

2) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

3) мультипәндік тәсіл – баланың физикалық жай-күйін, оның психоэлеметтік қажеттіліктерін, бала мен отбасының күтулерін кешенді бағалау негізінде дерт азабын жеңілдету немесе оның профилактикасы мақсатында әртүрлі мамандықтағы дәрігерлерді, сондай-ақ мейіргерлерді, әлеуметтік қызметкерлерді, психологтарды тарту арқылы паллиативтік медициналық көмек көрсетудің ұйымдастыру қағидаты;

4) мультипәндік топ (бұдан әрі – МПТ) – пациент организмнің функциялары мен құрылымдарының бұзылу сипатына, оның клиникалық жай-күйінің ауырлығына байланысты қалыптастырылатын әртүрлі мамандар тобы;

5) медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) – адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін аурулар мен жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді қамтитын, халықтың мұқтажына бағдарланған медициналық көмекке алғашқы қол жеткізу орны;

6) медицина қызметкері – кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын жеке адам;

7) өмір сапасы – пациенттің физикалық, психологиялық, эмоционалдық және әлеуметтік қызметінің интегралдық сипаттамасы;

8) паллиативтік көмек – ауыр және жазылмайтын аурулары (жай-күйлері) бар пациенттердің тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған медициналық, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді, рухани қолдауды қамтитын көрсетілетін қызметтер кешені;

9) паллиативтік медициналық көмек – радикалды емдеу жүргізуге көрсетілімдері болмаған кезде жазылмайтын ауру пациенттің ауырсынуын және ауруының (жай-күйінің) ауыр көріністерін жеңілдетуге бағыттылған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

10) хоспис – ауыр және жазылмайтын аурулары (жай-күйлері) бар пациенттерге, сондай-ақ олардың отбасылары мен күтім жасайтын адамдарға стационар жағдайында паллиативтік көмек (медициналық, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер, рухани қолдау) көрсететін ұйым.

3. Балалар халқына паллиативтік медициналық көмек жазылмайтын науқастарға медициналық күтім жасау мақсатында "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту және кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде жүзеге асырылады.

4. ТМККК-дан тыс паллиативтік медициналық көмек ақылы негізде шарт бойынша, оның ішінде ерікті медициналық сақтандыру және Кодекстің 202-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер бойынша жүзеге асырылады.

5. Балаларға паллиативтік медициналық көмек клиникалық хаттамалар негізінде, олар болмаған жағдайда қосымшаға сәйкес аурудың немесе жай-күйдің санаттарына сәйкес дәлелдеу қағидаттарын ескере отырып, ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкес көрсетіледі.

6. Балаларға паллиативтік медициналық көмек осы стандартқа және 2-қосымшаға сәйкес аурудың немесе жай-күйдің санаттарына сәйкес бейіні бойынша медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырудың басқа да стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Меншік нысанына қарамастан, халыққа паллиативтік медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдар "Бастапқы медициналық құжаттаманы жүргізу және есептерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-244/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21761 болып тіркелген) бұйрығына, сондай-ақ "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 (бұдан әрі – № ҚР ДСМ 175/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес бекітілген есепке алу және есеп беру нысандарына және "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес пациенттер бойынша деректерді ақпараттық жүйелерге, оның ішінде медициналық ақпараттық жүйелерге (бұдан әрі – МАЖ) уақтылы енгізуді, сондай-ақ медициналық құжаттаманы жүргізуді және есептерді ұсынуды қамтамасыз етеді.

8. Паллиативтік медициналық көмекке мұқтаж пациенттер (балалар) "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету қағидаларын, сондай-ақ Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қажеттілікті қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-89 (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-89 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24069 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес негізгі ауруы бойынша дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етіледі.

9. Паллиативтік медициналық көмек алатын пациенттер (балалар) "Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын медициналық мақсатта пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 32 (бұдан әрі – № 32 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10404 тіркелген) бұйрығына сәйкес ауырсыну мен зардабын жеңілдету үшін дәрілік препараттармен қамтамасыз етіледі.

10. Есірткі, психотроптық заттарды, сондай-ақ олардың прекурсорларын медициналық мақсаттарда пайдалану "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарында жүзеге асырылады.

11. Құрамында есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың тағайындалуы бір реттік дозасы, қабылдау (енгізу) тәсілі мен еселігі, емдеу курсының ұзақтығы көрсетіле отырып, № ҚР ДСМ – 175/2020 бұйрықпен бекітілген медициналық есепке алу нысандарында белгіленеді.

12. Елді мекенде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар дәріханалар болмаған кезде амбулаториялық жағдайда пациенттерді қамтамасыз ету есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензиясы бар медициналық ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Балалар халқына паллиативтік медициналық көмек көрсететін ұйымдардың құрылымы

13. Паллиативтік медициналық көмекті меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау ұйымдары:

1) аудандық, қалалық, облыстық деңгейлерде стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымында паллиативтік көмек көрсету үшін бейінді бөлімшеде орналасқан паллиативтік төсектерде;

2) қалалық және облыстық деңгейлерде стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымында орналасқан паллиативтік бөлімшеде жүзеге асырады.

14. Амбулаториялық және үй жағдайларында паллиативтік медициналық көмек көрсету үшін аудандық және қалалық деңгейлердегі емханалар құрылымында, сондай-ақ хоспистерде құрамында отбасылық дәрігер және (немесе) бейінді маман, МСАК орта медицина қызметкері бар мобильдік бригадалар құрылады.

15. Балалар халқына паллиативтік көмек балалар халқына паллиативтік көмек көрсететін ұйымдардың құрылымында орналасқан паллиативтік төсектерде жүзеге асырылады (хоспис).

3-тарау. Балаларға паллиативтік медициналық көмек көрсететін ұйымдардың негізгі міндеттері мен қызмет бағыттары

16. Балаларға паллиативтік медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің негізгі міндеттері мен қызмет бағыттары:

1) балаларға паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру және көрсету;

2) пациенттің (балалардың) өмір сүру сапасын жақсарту, оның ішінде аурудың ауыр көріністерін болдырмау, жеңілдету немесе жою, аурудың асқынуларының профилактикасы мен емдеу, мейіргерлік күтім, психологиялық және әлеуметтік қолдау;

3) паллиативтік медициналық көмекке мұқтаждарды анықтау және паллиативтік медициналық көмекті көрсетуге көрсетілімдерді айқындау үшін мультипәндік топтың отырысында қарау;

4) қажеттіліктердің кең спектрін (клиникалық, жастық, психологиялық, әлеуметтік, рухани, коммуникативтік, білім беру, отбасылық) ескере отырып, мультипәндік тәсіл негізінде пациентке паллиативтік медициналық көмекті жеке жоспарлау, сондай-ақ бала мен отбасының өзгеріп отыратын қажеттіліктерін ескере отырып, жеке көмек жоспарын ұдайы қайта қарау;

5) денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және білім беру ұйымдары, олардың құрылымдық бөлімшелері арасындағы сабақтастықты сақтау;

- 6) қажетті дәрілік заттармен, емдік және арнайы тамақпен, медициналық бұйымдармен және шығыс материалдарымен қамтамасыз ету;
- 7) отбасы мүшелерін немесе баланың заңды өкілдерін үй жағдайында күтуге үйрету ;
- 8) медициналық-әлеуметтік қарап-тексеруді ұйымдастыру және өткізу, әлеуметтік мәселелер бойынша консультация беру;
- 9) пациенттің отбасы мүшелеріне немесе баланың заңды өкілдеріне психологиялық және әлеуметтік-құқықтық консультация беруді ұйымдастыру;
- 10) балаларға поллиативтік медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша қоғамды және медициналық қоғамдастықты хабардар ету;
- 11) паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру мәселелері бойынша коммерциялық емес және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл болып табылады.

4-тарау. Балаларға паллиативтік медициналық көмекті ұйымдастыру тәртібі

1-параграф. Амбулаториялық жағдайда, оның ішінде үйде паллиативтік медициналық көмекті ұйымдастыру тәртібі

17. Паллиативтік медициналық көмек симптоматика терапиясын, психологиялық және әлеуметтік қолдауды және ұзақ мерзімді бөгде адамның күтімін қажет ететін негізгі аурудың жай-күйі мен болжамының ауырлығын ескере отырып, емделмейтін аурулары немесе өмір сүру ұзақтығын қысқартатын жағдайлары бар балаларға көрсетіледі (2-қосымша).

18. Балаларға паллиативтік медициналық көмек диагнозына байланысты аурудың ауырлығы мен өршуін ескере отырып, аурудың бүкіл кезеңіне көрсетіледі.

19. Балаларға паллиативтік көмек көрсету көрсетілімдерін мультипәндік топ (бұдан әрі – МПТ) айқындайды, оның құрамына:

- 1) медициналық ұйым басшысының орынбасары;
- 2) аурудың бейініне байланысты бейінді маман (амбулаториялық жағдайларда пациенттің ауруының бейінін ескере отырып, бейінді маман тартылады, ал стационарлық жағдайларда емдеуші дәрігер мен бөлімше меңгерушісі тартылады);
- 3) отбасылық дәрігер (амбулаториялық жағдайда педиатр дәрігер, ол болмаған жағдайда жалпы практика дәрігері тартылады);
- 4) паллиативтік көмек бойынша бас маманы (балалар) (өңірлік және (немесе) ҚР ДСМ) кіреді.

20. МПТ отырыстарында осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нозологиялар бөлінісінде паллиативтік көмек көрсету үшін медициналық көрсетілімдерді және осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес баланың паллиативтік медициналық көмек көрсету

үшін медициналық көрсетілімдері бар өмір сүру ұзақтығын қысқартатын немесе өмірге қауіп төндіретін аурулардың немесе жай-күйлердің санаттарын айқындай отырып баланың жай-күйін бағалау жүргізіледі.

21. Балаларға паллиативтік медициналық көмек көрсету үшін көрсетілімдердің болуы немесе болмауы туралы медициналық қорытындыны бере отырып, МПТ-да баланың жай-күйін бағалау бейінді маманның немесе отбасылық дәрігердің жолдамасы бойынша баланың ата-анасы немесе заңды өкілдері жүгінген сәттен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

22. МПТ-да баланың жағдайын бағалау нәтижелері осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қорытынды түрінде ресімделеді және МАЖ-ға амбулаториялық немесе стационарлық пациенттің медициналық картасына № ҚР ДСМ -175/2020 бұйрыққа бекітілген нысандар бойынша енгізіледі және пациенттің (баланың) ата-анасына немесе заңды өкілдеріне ұсынылады.

23. МПТ-ның медициналық қорытындысы бір рет беріледі және 18 жасқа дейін немесе баланың жағдайы жақсарғанға дейін жарамды.

Баланың жай-күйі жақсарған немесе жай-күйінің ауырлығы асқынған жағдайда МПТ осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес баланың паллиативтік медициналық көмек көрсету үшін медициналық көрсетілімдері бар, өмір сүру ұзақтығын қысқартатын немесе өмірге қауіп төндіретін аурулардың немесе жай-күйлердің өлшемшарттары бойынша жай-күйіне қайта бағалау жүргізеді.

МПТ сондай-ақ баланың 18 жасқа толғанға дейін 3 ай бұрын оның жай-күйіне қайта бағалау жүргізеді және медициналық қорытынды береді, оның негізінде пациентке 18 жастан асқанда паллиативтік медициналық көмек көрсетіледі.

24. Амбулаториялық жағдайларда паллиативтік медициналық көмек көрсетуді баладағы ауру бейініне сәйкес бейінді мамандармен бірлесіп балаларға паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру мәселелері бойынша оқытудан өткен МСАК мамандары жүзеге асырады.

25. Отбасылық дәрігер:

1) нозологияны, ауру ағымының ауырлығын ескере отырып, пациенттің (баланың) жай-күйін қарап тексеруді және бағалауды;

2) симптоматикалық терапияны тағайындауды;

3) пациентті (ата-аналарын, заңды өкілдерін және пациентке күтім жасауды жүзеге асыратын өзге де адамдарды) ауру ағымының сипаты мен ерекшеліктері туралы хабардар етуді;

4) МПТ медициналық қорытындысын ескере отырып, бейінді маманмен бірге пациентті емдеудің жеке жоспарын жасауды;

5) ауырсыну синдромын диагностикалау және емдеу, нутритивтік қолдау, респираторлық қолдау, тырысуға қарсы терапияны түзету мәселелері бойынша баланы бейінді маманға консультацияға жіберуді;

6) паллиативтік медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша телемедициналық технологияларды қолдана отырып, дәрігерлердің консультацияларын ұйымдастыру және өткізу және (немесе) консилиумға қатысуды;

7) есірткі және психотроптық дәрілік препараттарды тағайындауды қоса алғанда, рецептілерді жазып беруді;

8) № ҚР ДСМ-89 бұйрыққа сәйкес негізгі ауруы бойынша дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуді;

9) "Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-149/2020 (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21513 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес аурудың ауырлық дәрежесі мен ағымына қарай динамикалық байқауды;

10) Паллиативтік көмек көрсететін ұйымдарда паллиативтік медициналық көмек алу үшін емдеуге жатқызуға жіберуді;

11) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 (бұдан әрі – № 260 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес қажетті құжаттарды қалыптастыру және дәрігерлік консультациялық комиссияның шешімі бойынша медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберуді;

12) № ҚР ДСМ-175/2020 және № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрықтарға сәйкес есепке алу және есеп беру құжаттамасын жүргізуді жүзеге асырады.

26. Бейінді маман:

1) негізгі және қосарласқан патологиялар бойынша аурудың ауырлығымен және пациенттің (баланың) жай-күйін өршуін қарап-тексеруді және бағалауды;

2) симптоматика терапиясын тағайындау, қажет болған жағдайда "Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27833 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді;

3) пациентті (ата-аналарын, заңды өкілдерін және пациентке күтім жасауды жүзеге асыратын өзге де адамдарды) ауру ағымының сипаты мен ерекшеліктері туралы хабардар етуді;

4) МПТ-ның медициналық қорытындысын ескере отырып, отбасылық дәрігермен бірге пациентті емдеудің жеке жоспарын жасауды;

5) ауырсыну синдромын диагностикалау және емдеу, құрысуға қарсы терапияны басқа да патологиялық өзгерістерді немесе асқынуларды түзету бойынша ұсынымдарды;

6) балаға паллиативтік медициналық көмек көрсету, оның ішінде үй жағдайында көмек көрсету мәселелері бойынша телемедициналық технологияларды қолдана отырып, дәрігерлердің консультацияларын ұйымдастыру және өткізу және (немесе) консилиумға қатысуды;

7) есірткі және психотроптық дәрілік препараттарды қоса алғанда, рецептілерді жазып беруді;

8) № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрыққа сәйкес аурудың ауырлық дәрежесі мен өршуіне байланысты динамикалық бақылауды;

9) стационарлық емдеуге жіберуді;

10) № 260 бұйрыққа сәйкес қажетті құжаттарды қалыптастыру және дәрігерлік консультациялық комиссияның шешімі бойынша медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберуді;

11) № ҚР ДСМ-175/2020 және № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрықтарға сәйкес есепке алу және есеп беру құжаттамасын жүргізуді жүзеге асырады.

27. Орта медицина қызметкері:

1) пациентті (баланы) күту мәселелері бойынша ата-аналарға немесе заңды өкілдерге консультация беруді және оқытуды;

2) № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрыққа сәйкес динамикалық байқауды;

3) пациентті (баланы) үйде мейіргерлік қарап-тексеруді;

4) пациентті (баланы) патронаждық байқауды;

5) үйде стационар ұйымдастыру кезінде дәрігерлік тағайындау бойынша емшаларды орындауды;

6) № ҚР-ДСМ 175/2020 және № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрықтарға сәйкес есепке алу және есеп беру құжаттамасын жүргізуді жүзеге асырады.

28. Әлеуметтік қызметкер "Денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 13 қазандағы № 153 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33545 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес балаларға паллиативтік медициналық көмек көрсету, медициналық және медициналық-әлеуметтік көмектің басқа түрлерін алу, балаларға паллиативтік көмек көрсету үшін көрсеткіштердің болуы (болмауы) туралы медициналық қорытынды алу мәселелері бойынша әлеуметтік медициналық қызметтерді, пациенттерге, мамандарға, ата-аналарға немесе пациенттің заңды өкілдеріне әлеуметтік-құқықтық консультация беруді жүзеге асырады.

29. Психолог баланың және отбасы мүшелерінің эмоциялық және психологиялық проблемаларын анықтауды және бағалауды және баланы, отбасын/заңды өкілдерін,

сондай-ақ баланы бақылауға, емдеуге және күтуге (сұраныс бойынша), оның ішінде қашықтықтан тартылған мамандарды одан әрі психологиялық сүйемелдеуді жүзеге асырады.

30. Балаларға паллиативтік медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері:

1) пациентке және оның отбасына мультипәндік тәсілге негізделген кешенді паллиативтік медициналық көмек көрсетуді;

2) медициналық қорытынды бере отырып, МПТ-да баланың жағдайын бағалауды;

3) пациенттің физикалық және психологиялық жай-күйін тұрақты мультипәндік бағалауды;

4) клиникалық-диагностикалық қарап тексерулердің, медициналық және медициналық емес мамандардың консультацияларының нәтижелерін талдау негізінде пациенттің өзгермелі қажеттіліктерін алқалы түрде қарауды;

5) медициналық, психологиялық, әлеуметтік және рухани қажеттіліктерді алқалық (мультипәндік) талқылау негізінде пациентті емдеудің жеке жоспарын тұрақты түзетуді және жасауды;

6) паллиативтік медициналық көмек алу үшін пациенттерді емдеуге жатқызуға жіберуді;

7) аурудың ауыр көріністерін (жай-күйін) симптоматикалық емдеу және медициналық араласулар жүргізуді, сондай-ақ психологиялық, әлеуметтік және рухани сүйемелдеуді;

8) дәрілік препараттарды енгізу жоспарын анықтай отырып, олардың дозасын есептеуді, оның ішінде клиникалық хаттамаларға сәйкес пациенттерге есірткіге жатпайтын, сондай-ақ құрамында есірткі және психотроптық заттар бар дәрілік препараттары тағайындауды және қолдануды;

9) паллиативтік көмекке мұқтаж пациенттерді тіркеу, есепке алу, медициналық құжаттаманы сапалы жүргізу және пациенттердің деректерін медициналық ақпараттық жүйелерге енгізе отырып, есептерді ұсынуды қамтамасыз етеді.

31. Балаларға паллиативтік медициналық көмек амбулаториялық және үй жағдайларында, оның ішінде қашықтықтан МСАК ұйымдары көрсетеді.

32. Дәрілік заттармен тұрақты (ұзақ) тегін және (немесе) жеңілдікпен қамтамасыз етуді қажет ететін пациенттерге үш айға дейінгі кезеңге рецептілер жазып беруге жол беріледі.

33. Ауылдық елді мекендерде дәрігерлер болмаған кезде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды тағайындауды пациенттерді амбулаториялық қабылдауды жүргізетін орта медицина қызметкерлері жүзеге асырады.

34. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды тағайындау туралы жазба МАЖ-ға енгізіледі.

35. Ауыр, үдемелі аурулардың терминалдык (соңғы) сатысында жүрген жазылмайтын науқастарға "Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімін, Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестені, Есірткі, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларындағы сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын алмастырғыштар тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 470 қаулысымен (бұдан әрі - Тізімнің II Кестесі) бекітілген медициналық мақсатта пайдаланылатын және қатаң бақылаудағы есірткі және психотроптық заттардың Тізімінің II Кестесінде есірткі және психотроптық заттары бар дәрілік заттар бір рецептінде терапияның 10–15 күнтізбелік күніне, ал аудан орталығынан шалғай орналасқан елді мекен тұратындар үшін терапияның 25–30 күнтізбелік күніне жеткілікті мөлшерде тағайындауға рұқсат етіледі.

36. Құрамында есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарға рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау "Рецепттерді жазуып беру, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау даму министрінің 2020 жылғы 2 қазандағы № ҚР ДСМ-112/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

37. Балаларға үйде паллиативтік медициналық көмек көрсету үшін амбулаториялық жағдайларда және хосписте медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың құрылымында мобильдік бригадалар құрылады.

38. Мобильдік бригаданың құрамына: педиатр дәрігер, ол болмаған кезде жалпы практика дәрігері (отбасылық дәрігер) және мейіргер (немесе фельдшер) кіреді, қажет болған жағдайда балаларға паллиативтік көмек көрсету бойынша біліктілікті арттырудан өткен бейінді мамандар (невролог, онколог, хирург, гематолог және басқалар), сондай-ақ пациент пен отбасын үйде қадағалап-қарауға мультипәндік тәсілді қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік қызметкер, психолог кіреді.

39. Балаларға үйде паллиативтік медициналық көмек көрсету үшін мобильдік бригаданың құрылымы мен штат санын медициналық ұйымның басшысы жүргізілетін жұмыс көлеміне және қызмет көрсетілетін балалар санына қарай белгілейді.

40. Мобильдік бригада:

1) баланың жай-күйін ағымдағы бағалау және аурудың ағымын ескере отырып, жай-күйін мониторингтеуді;

2) құрысуға қарсы терапияны (оның ішінде эпилепсияға қарсы, дистония, спастика және т.б.) іріктеу, түзету, мониторингтеуді;

3) тамақтануды таңдау, мониторинг, нутритивтік мәртебені түзетуді;

4) медициналық манипуляциялар мен емшаларды (инъекциялар, асқазанды жуу, клизма қою, стомаларды, зондтарды, катетерлерді ауыстыру, төсекжараларды өңдеу және т.б.) орындауды;

5) емдік дене шынықтыру және массаж курстарын жүргізу, бар дағдылар мен функциялардың деңгейін сақтау мақсатында, оңалту және абилитацияның техникалық құралдарын таңдау және бейімдеуді;

6) медициналық көрсетілімдер болған жағдайда балаларды стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда паллиативтік медициналық көмек алу үшін жіберуді;

7) № ҚР ДСМ-89 бұйрыққа сәйкес негізгі ауруы бойынша дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуді;

8) паллиативтік медициналық көмекке мұқтаж балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне, өзге де туыстарына консультация беруді;

9) өз қызметін денсаулық сақтау саласында жүзеге асыратын әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарымен, волонтерлік, қоғамдық және өзге де коммерциялық емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды;

10) пациентті және оған күтім жасайтын адамдарды (ата-аналарын, заңды өкілдерін, отбасы мүшелерін және т.б.) күтім жасау дағдыларына, оның ішінде медициналық техниканы пайдалануды үйретуді, сондай-ақ осындай күтім бойынша дәрігерлік ұсынымдардың орындалуын бақылауды (оның ішінде тамақтандыру, дағдарыс жағдайларында шұғыл көмек көрсету алгоритмі, дезинфекциялау, үйде паллиативтік медициналық көмек көрсету үшін қолданылатын шығыс материалдарын және медициналық жабдықты ауыстыру мәселелері);

11) баланың заңды өкілдері емдеуге жатқыздудан бас тартқан кезде баланың ауруының терминалдық сатысында көмек көрсетуді;

12) баланы және отбасы мүшелерін психологиялық, психотерапевтік, әлеуметтік және рухани сүйемелдеуді жүзеге асырады.

41. Пациенттерге үйде мобильдік бригада паллиативтік медициналық көмек көрсеткен кезде құрамында есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды денсаулық сақтау ұйымының мобильдік бригадасының дәрігері тағайындайды.

Мобильдік бригадалар құрамында дәрігерлер болмаған жағдайда құрамында есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды тағайындауды бригада фельдшері № 32 бұйрыққа сәйкес жүргізеді.

42. Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып, балаларға ауруының бейініне қарамастан "Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21713 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес көрсетіледі.

2-параграф. Стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда паллиативтік медициналық көмекті ұйымдастыру тәртібі

43. Паллиативтік медициналық көмекке мұқтаж балаларға стационарлық жағдайда медициналық көмекті ұйымдастыру "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР ДСМ-27 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27218 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

44. Стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда балаларға паллиативтік медициналық көмек көрсету үшін паллиативтік көмек бөлімшелері (бұдан әрі – Бөлімше) құрылады немесе бейінді бөлімше құрылымында төсектер ашылады.

45. Бөлімшенің құрылымында:

- 1) пациенттер үшін палаталар;
- 2) емшара кабинеті;
- 3) құрамында есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды, сондай-ақ олардың прекурсорларын сақтауға арналған кабинет;
- 4) медициналық жабдықтарды сақтауға арналған кабинет;
- 5) емдік дене шынықтырумен айналысуға арналған үй-жай;
- 6) массаж жасауға арналған кабинет;
- 7) меңгерушінің кабинеті;
- 8) дәрігерлерге арналған кабинет (ординаторлық);
- 9) аға мейіргер кабинеті;
- 10) орта медициналық білімі бар медицина қызметкерлеріне арналған бөлме;
- 11) медициналық емес мамандарға арналған бөлме;
- 12) шаруа бикесінің үй-жайы;
- 13) тамақ дайындауға (сүт қоспалары, энтеральды тамақтану) арналған бөлме (ас үй);
- 14) кір киім-кешекті жинауға арналған үй-жай;
- 15) медицина қызметкерлеріне арналған себезгі және дәретхана;
- 16) балаларға арналған ванналар, себезгілер және дәретханалар;
- 17) қажеттілік бойынша басқа да қосалқы үй-жайлар ұйымдастырылады.

46. Пациент тәулік бойы медициналық бақылауды қажет ететін аурулар мен жағдайлар кезінде бөлімшеге (төсекке) емдеуге жатқызылады.

47. Өмірге қауіп төнген кезде пациент (бала) паллиативтік бөлімше жағдайында көмек алу мүмкіндігі жоқ болған кезде шұғыл түрде қарқынды терапия палатасына (бөлімшесіне) немесе реанимациялық бөлімшеге емдеуге жатқызылады.

48. Балалар паллиативтік төсектері республика бойынша орташа есеппен* 10 000 балаға шаққанда 0,1 төсек есебінен құрылады (*өңір деңгейінде төсекті есептеу халықтың құрылымы мен санына қарай көзделсін).

49. Бөлімшеде баланың жағдайын, эпидемияға қарсы режимді, медициналық ұйымның жұмыс режимін сақтауды ескере отырып, балаға бару және ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің онымен бірге медициналық ұйымда болу мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайлар жасалады.

50. Мектеп жасындағы балалардың стационар жағдайында паллиативтік медициналық көмек алу кезеңінде Кодекстің 78-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті орган білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп айқындаған тәртіппен үздіксіз білім алуға құқығы бар.

51. Балаларға стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмекті ұйымдастыру "Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32740 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

52. Стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда балаларға паллиативтік медициналық көмекті педиатр-дәрігерлер, анестезиология және реаниматология, неонатология, неврология, онкология, хирургия, гематология бойынша балалар дәрігерлері және паллиативтік көмекті көрсету мәселелері бойынша біліктілігін арттырудан өткен ауру бейініне сәйкес келетін басқа да мамандықтар бойынша мамандар көрсетеді.

53. Стационарлық жағдайлардағы паллиативтік медициналық көмек:

1) үйде көмек ұйымдастыру мүмкін болмаған кезде, оның ішінде аппараттық желдету арқылы тыныс алу және оттегімен ұзақ қолдауды қажет ететін балаларға тәулік бойы медициналық бақылауды талап ететін паллиативтік медициналық көмек көрсетуді;

2) аурудың және жай-күйдің санаттарына сәйкес (2-қосымша) клиникалық хаттамаларға сай көрсеткіштер бойынша емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүргізуді;

3) пациенттің клиникалық жай-күйіне және тасымалдану мүмкіндігіне қарамастан оған психологиялық қолдау көрсетуді;

4) көрсетілімдер бойынша инфузиялық және гемотрансфузиялық терапия жүргізуді;

5) симптоматика терапиясын жеке таңдауды, мониторинг және түзетуді;

6) күтім жасауды, оның ішінде профилактика және емдеу, созылмалы жараларды, жауыржаралардың, дренаждар мен стомаларға күтім жасауды, тамақтандыруды, оның ішінде энтералды зонд арқылы, парентеральды және гастростома арқылы қоректендіруді;

7) зондтарды, катетерлерді, стомикалық және трахеостомия канюльдерін, гастростомиа түтіктерін орнатуды және ауыстыруды;

8) оңалту/абилитациялау бағдарламалары шеңберінде техникалық және ортопедиялық құралдарды тағайындауды, таңдауды және бейімдеуді және паллиативтік медициналық көмекке мұқтаж пациенттерде жазылмайтын аурудың қайталама асқынуларының профилактикасын (бейінді мамандарды тарта отырып);

9) балаларға паллиативтік медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша консультациялық және ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсетуді;

10) паллиативтік медициналық көмекке мұқтаж балаларға және олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне, сондай-ақ өзге де туыстарына психологиялық көмек көрсетуді;

11) баланы әлеуметтендіру және бейімдеу, пациент пен ата-ананы мектепте оқуға және өзіне-өзі қызмет көрсетуге дайындау, ересектерге арналған паллиативтік көмек қызметіне ауыстыруды;

12) паллиативтік медициналық көмекке мұқтаж балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне, өзге де туыстарына консультация беруді және оларды ауыр науқас балаларды күту дағдыларына және медициналық бұйымдарды үйде пайдалану дағдыларына оқыту, психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсетуді;

13) балаларға паллиативтік медициналық көмек көрсетуде сабақтастықты қамтамасыз етуді, медициналық көмек көрсетудің әртүрлі деңгейіндегі медициналық ұйымдармен өзара іс-қимылды;

14) әлеуметтік қорғау органдарымен және әлеуметтік қызмет көрсету және білім беру жүйесінің ұйымдарымен, волонтерлік және коммерциялық емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды қамтиды.

54. Денсаулық сақтау ұйымдарының бөлімшелерінде (кабинеттерінде) Тізімнің II Кестесінің құрамында есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың қоры бес күнтізбелік күн, сақтау үй-жайларында – тоқсан күнтізбелік күн қажеттілігінен аспайды

Кешкі, түнгі уақытта, сондай-ақ мереке және демалыс күндері шұғыл медициналық көмек көрсету үшін денсаулық сақтау ұйымдарында № 32 бұйрыққа сәйкес бес күндік қажеттіліктен аспайтын қор құрылады.

55. Пациентті стационардан шығару кезінде медициналық ұйым бекітілген жері бойынша балаға медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға активті беруді және стационарлық науқастың медициналық картасынан үзіндінің электрондық көшірмесін жіберуді қамтамасыз етеді.

56. Шығарылған күні медициналық ұйым мүгедек балаларды және паллиативтік медициналық көмекке мұқтаж ауыр пациенттерді тасымалдау үшін арнайы жабдықталған автокөлікте медицина қызметкерінің сүйемелдеуімен пациент пен күтуші адамды үйге (қала шегінде) тасымалдауды қамтамасыз етеді.

3-параграф. Балаларға арналған хосписте паллиативтік көмекті ұйымдастыру тәртібі

57. Балаларға арналған хоспис – меншік нысанына қарамастан балаларға стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларда және үйде паллиативтік көмек көрсететін дербес ұйым.

58. Хоспис құрылымында:

1) балаларға тәулік бойы паллиативтік көмек көрсетуге арналған төсектер;

2) үйде паллиативтік көмек көрсетуге арналған мобильді бригада;

3) қосалқы бөлімдер мен бөлімшелер: әкімшілік-шаруашылық блок, дәріхана, абилитация, сатып алу/қойма/техникалық қызмет көрсету, ұйымдастыру-әдістемелік, паллиативтік күтімге үйрету, психологиялық-педагогикалық кабинеттер, қабылдау бөлімшесі, тіркеу орны, асхана/ас үй, санитариялық бөлмелер;

4) қажеттілік бойынша – бассейн, сенсорлық бөлме, арт-терапия, музыкалық терапия бөлмелері, ойын бөлмелері, массаж жасауға арналған кабинет, ЕДШ, қоштасу бөлмелері құрылады.

59. Хоспистің құрылымы мен штат санын ұйым басшысы жүргізілетін жұмыс көлеміне және паллиативтік көмекке мұқтаж қызмет көрсетілетін балалар халқының санына қарай белгілейді.

60. Балалардың тәулік бойы болуына арналған төсектер балалардың онда болуына техникалық мүмкіндіктерімен қамтамасыз етіледі.

61. Балаларға арналған хосписте:

1) демеуші және ауырсынуды басатын терапия жүргізу;

2) пациентті тасымалдауды ұйымдастыру;

3) балаларды күту, оның ішінде созылмалы жаралардың профилактикасы мен емі, дренаждар мен стомаларға күтім жасау, энтеральды зонд арқылы парентеральды және гастростомалық қоректендіруді қоса алғанда тамақтандыру;

4) зондтарды, катетерлерді орнату және ауыстыру, хирургиялық стационар жағдайында стом орнату;

5) паллиативтік медициналық көмекке мұқтаж балаларға және олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне, сондай-ақ өзге де туыстарына психологиялық көмек;

6) пациент қайтыс болу алдында психоәлеуметтік көмек;

7) паллиативтік медициналық көмекке мұқтаж балаларды күтуші адамдарға, ата-аналарына/заңды өкілдеріне, өзге де туыстарына консультация беру және оларды ауыр науқас балаларға күтім жасау дағдыларына және медициналық бұйымдарды, оның ішінде үйде пайдалану дағдыларына оқыту;

8) әлеуметтік қорғау органдарымен, әлеуметтік қызмет көрсету және білім беру жүйесінің ұйымдарымен, волонтерлік және коммерциялық емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау көрсетіледі.

62. Балаларға арналған хосписте баланың жағдайын, эпидемияға қарсы режимді, ұйымның жұмыс режимін сақтауды ескере отырып, балаға бару және ата-анасының

немесе өзге де заңды өкілдерінің болуына мүмкіндікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасалады.

63. Балаларға арналған хоспис басшысы № ҚР ДСМ-175/2020 және № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрықтарға сәйкес есепке алу медициналық құжаттамасын жүргізуді және есептерді ұсынуды, сондай-ақ денсаулық сақтау басқармасы мен өңірлік және Денсаулық сақтау министрлігінің бас штаттан тыс мамандарының сұрауына сәйкес ай сайын және талап бойынша келіп түскен және қайтыс болған пациенттер туралы есептерді ұсынуды қамтамасыз етеді.

5-тарау. Паллиативтік көмек көрсететін ұйымдарды ұсынылатын медициналық бұйымдармен жарақтандыру және ұсынылатын қызметкерлер штаты

64. Стационарлық жағдайларда паллиативтік бөлімшенің (бөлімше/ төсектер) ұсынылатын штат нормативтері осы Стандартқа 4-қосымшада келтірілген.

65. Балаларға арналған паллиативтік бөлімшені жарақтандыруға медициналық бұйымдар осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында
балалар халқына паллиативтік
медициналық көмек көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
1-қосымша

Паллиативтік медициналық көмек көрсету үшін медициналық көрсетілімдері бар АХЖ-10 бойынша аурулардың нозологиялық топтары мен аурулардың кодтарының тізбесі

1. Туберкулез А15-А19.
2. Адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ/ЖИТС) туындаған ауру В20-В24
3. Қатерлі ісіктер С00-С97.
4. Қан, қан өндіру ағзаларының аурулары және иммундық механизмді қамтитын жеке бұзылулар D50-D89.
5. Эндокриндік жүйе аурулары, тамақтанудың бұзылуы және зат алмасудың бұзылуы E00-E89.
6. Қантты диабет E10-E14.
7. Тамақтанудың жеткіліксіздігі E40-E46.
8. Жылауықты фиброз E 84.
9. Орталық нерв жүйесінің қабыну аурулары G00-G09.
10. Нерв жүйесінің аурулары G10-G98.
11. Қан айналым жүйесінің аурулары I00-I99.
12. Төменгі тыныс алу жолдарының созылмалы аурулары J40- J47.
13. Инфекциялық емес энтерит пен колит K50-K52.
14. Бауыр функциясының жеткіліксіздігі K72.1; K72.9.

15. Бауыр фиброзы мен циррозы K74.
16. Қысқа ішек синдромы K91.1; K91.2; K91.8.
17. Қабыну полиартропатиясы M05-M14.
18. Дәнекер тіннің жүйелі зақымдануы M30-M36.
19. Бүйрек аурулары N00-N99, N17-N19.
20. Неонаталдық кезең аурулары P00-P96.
21. Туа біткен даму ауытқулары Q00-Q99.

Қазақстан Республикасында
балалар халқына паллиативтік
медициналық көмек көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
2-қосымша

Өмір сүру ұзақтығын қысқартатын немесе өмірге қауіп төндіретін аурулардың немесе жай-күйлер санаттары

1. I санат. Куративтік емдеу мүмкін болатын, бірақ күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге болмайтын аурулар немесе жай-күйлер. Пациенттердің күрделі қажеттіліктеріне байланысты паллиативтік көмек қызметтеріне рұқсат етілуі қажет болуы мүмкін. Ұзақ мерзімді ремиссияға жеткен кезде немесе сәтті куративтік емдеуден кейін паллиативтік көмекке қажеттілік жоқ.

2. II санат. Мерзімінен бұрын өлім болуы мүмкін аурулар немесе жай-күйлер, алайда қарқынды емдеудің ұзақ кезеңдері өмірді ұзартуы және жақсы өмір сүру сапасын қамтамасыз етуі мүмкін.

3. III санат. Көп жылдар бойы жиі тек паллиативтік емдеу мүмкін болатын, түбегейлі емдеу нұсқалары жоқ өршітін аурулар немесе жай-күйлер.

4. IV санат. Кешенді медициналық көмекті талап ететін, сондай-ақ ауыр асқынулары бар және мерзімінен бұрын қайтыс болу қаупі жоғары, оның ішінде ілеспе аурулар мен асқынулардан болатын қайтымсыз, бірақ өршімейтін аурулар. Паллиативтік көмек үздіксіз немесе эпизодтық түрде қажет болуы мүмкін. Эпизодтың басталу уақыты, оның ұзақтығы және көмек көрсетуді талап ететін эпизодтардың саны болжанбайды.

5. V санат. Ұрықта жатыршілік дамыған және жаңа туған нәрестенің ауыр жағдайда тууына және емделмейтін патологияның дамуына әкелген ауыр аурулар немесе жай-күйлер, сондай-ақ тиісті қарқынды терапияға қарамастан босану кезінде немесе жаңа туған нәрестелердің ауыр жағдайына шалдығу нәтижесінде туындаған ауыр аурулар немесе жай-күйлер.

Қазақстан Республикасында
балалар халқына паллиативтік
медициналық көмек көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
3-қосымша

нысан

Мультипәндік топ отырысының хаттамасы

№ __ "Мультипәндік топ отырысының хаттамасы"

Отырыс күні: 20 __ жылғы " __ " _____

Медициналық ұйымның атауы _____

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

Туған күні _____

Жынысы _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Нақты тұратын мекенжайы, телефоны _____

Диагнозы: _____

Мультипәндік топтың қорытындысы _____

Төраға _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы)

Мүшелері _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы)

М.О.

Қазақстан Республикасында
балалар халқына паллиативтік
медициналық көмек көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
4-қосымша

Балаларға арналған паллиативтік көмек бөлімшесінің 10 төсекке ұсынылатын штат нормативтері

Лауазымның атауы	Штат бірлігі	Төсек саны
Бөлім меңгерушісі	1,0	10 және одан көп төсекке
Педиатр дәрігер	1,0	10 төсекке
Бейінді маман *- дәрігер	0,5	10 төсекке
Анестезиолог-реаниматолог дәрігер	1 тәулік бойғы пост	10 төсекке (тәулік бойғы жұмысты қамтамасыз ету үшін)

Реабилитолог дәрігер	0,5	10 төсекке
Аға мейіргер	1,0	10 және одан көп төсекке
Палаталық (постағы) мейіргер	1 тәулік бойғы пост	5 төсекке (тәулік бойғы жұмысты қамтамасыз ету үшін)
Емшара мейіргері	1,0	бөлімшеге
Емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы	0,5	10 төсекке
Массаж мейіргері	0,5	10 төсекке
Науқастарды күту жөніндегі кіші мейіргер	1 тәулік бойғы пост	5 төсекке (тәулік бойғы жұмысты қамтамасыз ету үшін)
Санитар	1 тәулік бойғы пост	10 төсекке (тәулік бойғы жұмысты қамтамасыз ету үшін)
Медициналық психолог	0,25	10 төсекке
Әлеуметтік қызметкер	0,25	10 төсекке

* лауазымға аурудың бейініне байланысты балаларға медициналық көмек көрсететін әртүрлі бейінді мамандықтағы дәрігерлер (онкогематолог дәрігер, невролог дәрігер, пульмонолог дәрігер, гематолог дәрігер және т.б.) тартылады.

Қазақстан Республикасында
балалар халқына паллиативтік
медициналық көмек көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
5-қосымша

Балалар паллиативтік бөлімшесін жарақтандыруға ұсынылатын штат нормативтері

№	Медициналық б ұйымдардың атауы*	Деңгейіне байланысты медициналық бұйымдардың саны **			
		1	2	3	4
Паллиативтік медициналық көмек (бөлімше)					
1	Функционалдық мобильді төсектер, кіріктірілген таразысы бар	Төсек саны бойынша	Төсек саны бойынша	Төсек саны бойынша	Төсек саны бойынша
2	Жауыржараға қарсы матрас	3 төсекке шаққанда 1	3 төсекке шаққанда 1	3 төсекке шаққанда 1	3 төсекке шаққанда 1
3	Пульсоксиметр	10 төсекке шаққанда 1	10 төсекке шаққанда 1	10 төсекке шаққанда 1	10 төсекке шаққанда 1
4	Кресло-сырғытқы	10 төсекке шаққанда 1	10 төсекке шаққанда 1	10 төсекке шаққанда 1	10 төсекке шаққанда 1
5	Ауруханалық медициналық сырғытқы	10 төсекке шаққанда 1	10 төсекке шаққанда 1	10 төсекке шаққанда 1	10 төсекке шаққанда 1
6	Аэрозольді компрессорлық ингалятор (портативті небулайзер)	10 төсекке шаққанда 1	10 төсекке шаққанда 1	10 төсекке шаққанда 1	10 төсекке шаққанда 1

7	Өкпені жасанды желдетуге арналған аппарат	ТБ	ТБ	ТБ	ТБ
8	Медициналық аспиратор (сорғыш)	3 төсекке шаққанда 1	3 төсекке шаққанда 1	3 төсекке шаққанда 1	3 төсекке шаққанда 1
9	Неонаталды және балаларға арналған электродтар, датчиктер мен манжеттер жиынтығы бар монитор	3 төсекке шаққанда 1	3 төсекке шаққанда 1	3 төсекке шаққанда 1	3 төсекке шаққанда 1
10	Қолдан ӨЖЖ-ге арналған тыныс алу қапшығы (Амбу)	1	1	1	1
11	Нәрестелер мен балаларға арналған сұқпалар жинағы бар ларингоскоп	1	1	1	1
12	Дефибрилятор	1	1	1	1
13	Шұғыл көмек көрсетуге арналған мобильді жабдық жиынтығы	1	1	1	1
14	А у ы р науқастарды тасымалдауға арналған көтергіш	бөлімшеге шаққанда 1	бөлімшеге шаққанда 1	бөлімшеге шаққанда 1	бөлімшеге шаққанда 1
15	Есірткі және психотроптық препараттарды сақтауға арналған сейф	Кемінде 1	Кемінде 1	Кемінде 1	Кемінде 1
16	Инфузиялық сорғы	ТБ	ТБ	ТБ	ТБ
17	Энтеральды коректендіруге арналған сорғы (помпа)	ТБ	ТБ	ТБ	ТБ
18	Электрокардиограф	ТБ	ТБ	ТБ	ТБ

* Медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандыру денсаулық сақтау ұйымдарының өтінімдері бойынша ағымдағы қажеттілікке сәйкес жүзеге асырылады.

** Жарақтандыру деңгейлері:

1-деңгей – "Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ - 133/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21452 болып тіркелген) (бұдан әрі – Желі нормативі) бұйрығына сәйкес айқындалатын денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативіне сәйкес аудандық;

2-деңгей – Желі нормативіне сәйкес қалалық;

3-деңгей – Желі нормативіне сәйкес облыстық;

4-деңгей – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағындағы республикалық денсаулық сақтау ұйымдары.

Аббревиатуралар мен қысқартулардың толық жазылуы:

1. ТБ – талап етуі бойынша.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2025 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 166 Бұйрықпен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21687 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында ересек халыққа паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 126-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында ересек халыққа паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.";

көрсетілген бұйрыққа қосымшамен бекітілген Паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында ересек халыққа паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасында ересек халыққа паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 126-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру процестеріне қойылатын талаптар мен қағидаларды айқындайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Амбулаториялық, стационарды алмастыратын, стационарлық жағдайларда, сондай-ақ үйде паллиативтік медициналық көмек "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі – Заң) ересек халыққа амбулаториялық-емханалық не стационарлық көмекке және (немесе) стационарды алмастыратын көмекке медициналық қызметке лицензиясы бар медициналық, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдармен көрсетіледі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Пациентке паллиативтік медициналық көмек көрсету үшін облыстық деңгейдегі медициналық ұйымдарда, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалаларда және астанада МПТ құрылады.

МПТ құрамына: дәрігер (дәрігерлер), бейінді мамандар (онколог, фтизиатр, инфекционист), орта медицина қызметкері (орта медицина қызметкерлері), психолог, медициналық ұйымның әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы (әлеуметтік қызметкер) кіреді. МПТ құрамы медициналық ұйымның ішкі бұйрығымен бекітіледі.

МПТ пациенттің медициналық құжаттарын, клиникалық-диагностикалық зерттеп-қарау нәтижелерін зерделегеннен кейін оған паллиативтік медициналық көмек көрсету бойынша комиссиялық талқылау өткізеді және паллиативтік медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша пациенттер мен медициналық ұйым мамандарына консультация береді, оның ішінде:

- 1) пациенттің физикалық және психологиялық жай-күйін бағалайды;
- 2) жеке жоспарды жасайды және түзетеді;
- 3) паллиативтік медициналық көмек көрсету, оның ішінде аурудың (жай-күйдің) ауыр көріністерін симптоматикалық емдеу және медициналық араласулар жүргізеді;
- 4) дәрілік препараттарды енгізу жоспарын айқындай отырып, олардың дозасын есептеу, оның ішінде клиникалық хаттамаларға сәйкес пациенттерге есірткілік емес, сондай-ақ құрамында есірткі және психотроптық заттар бар дәрілік препараттарды тағайындайды және қолданады;
- 5) есепке алу және есеп беру құжаттамасын жүргізеді, деректерді ұйымның медициналық ақпараттық жүйелеріне енгізеді.

МПТ дәрігері стационардан шығару кезінде Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша стационардан шыққан адамның статистикалық картасын ресімдейді, онда жүргізілген диагностикалық зерттеулердің, емдеу іс-шараларының көлемі және одан әрі бақылау мен емдеу, сондай-ақ үйде күтім жасау негіздері бойынша ұсынымдар көрсетіледі. Көшірменің электрондық нұсқасы бекітілген (нақты тұратын) жері бойынша МСАК ұйымына жіберіледі.

Стационардан шығару, сондай-ақ паллиативтік медициналық көмек үшін көрсетілімдерді бастапқы белгілеу кезінде паллиативтік медициналық көмекті қажет ететін не алатын науқастар туралы ақпаратты бейінді маман немесе отбасылық дәрігер медициналық ұйымның медициналық ақпараттық жүйесіне енгізеді.

Егер пациент бекітілген әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс стационарлық немесе стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған немесе паллиативтік медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымда емделсе, құрамында есірткі және психотроптық заттар бар дәрілік заттарды алатын және үйде емдеуді жалғастыруды қажет ететін пациентке шығу кезінде ауру тарихынан үзінді көшірмемен бірге құрамында есірткі және психотроптық заттар бар дәрілік препараттар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 32 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10404 болып тіркелген) бекітілген Бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын медициналық мақсатта пайдалану қағидаларына сәйкес беріледі.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Отбасылық дәрігер бекітілген халық арасынан паллиативтік медициналық көмекті қажет ететін немесе алатын пациент туралы ақпаратты алғаннан кейін мыналарды:

- 1) жоспарлы баруды (үйдегі актив айына 1 рет);
- 2) паллиативтік медициналық көмек көрсету үшін мобильдік бригаданы уақтылы шақыруды;
- 3) көрсетілімдер болған кезде стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларда және үйде паллиативтік медициналық көмекті уақтылы алуды ұйымдастыруды;
- 4) мүгедектікті одан әрі белгілеу үшін организм функциялары тұрақты бұзылған кезде бастапқы немесе қайталама куәландыру мақсатында медициналық-әлеуметтік зерттеп-қарау жүргізу үшін құжаттарды ресімдеуді;
- 5) есепке алу және есеп беру құжаттамасын жүргізуді, деректерді ұйымның медициналық ақпараттық жүйелеріне енгізуді жүзеге асырады.

Үйде көмек алу қажет болған кезде МСАК медициналық ұйымына бекітілген және паллиативтік көмекке мұқтаж пациенттен ұйымның медициналық ақпараттық

жүйесінде өтінім тіркеледі. Өтінімді алғаннан кейін отбасылық дәрігер бару жеделдігінің маңыздылығын бағалайды.

Жоспарлы қарап-тексеру кезінде отбасылық дәрігер пациенттің үйіне активпен баруды жүзеге асырады. Пациенттің үйіне жоспарлы баруды дәрігер айына кемінде 1 рет және орта медицина қызметкері кемінде 4 рет жүзеге асырады.";

8-тарау алып тасталсын;

паллиативтік медициналық көмекті ұйымдастыру стандартына қосымшада:

оң жақ жоғарғы бұрыштағы "Паллиативтік медициналық көмекті ұйымдастыру стандартына қосымша" деген сөздер "Қазақстан Республикасында ересек халыққа паллиативтік медициналық көмекті ұйымдастыру стандартына қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын;

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Паллиативтік медициналық көмек көрсететін қызметтердің тізбесі";

2-жол алып тасталсын;

20-жол алып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасында гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 23 маусымдағы № ҚР ДСМ-55 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23329 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартында:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Паллиативтік медициналық көмек Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21687 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында ересек халыққа паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес көрсетіледі."

3. "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24094 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітіліген Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларында:

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. МСАК ұйымы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21687 болып тіркелген) бекітілген ересек халыққа паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына және Кодекстің 7-

бабының 32-тармағына және 138-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының халқына мейіргерлік күтім көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес көрсетуді қамтамасыз етеді."

4. "Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ-112 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25167 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартында:

89-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"89. Онкологиялық науқастарға паллиативтік медициналық көмек "Қазақстан Республикасында ересек халыққа паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21687 болып тіркелген) бекітілген паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес және клиникалық хаттамаларға сәйкес көрсетіледі."

5. "Халыққа туберкулез кезінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29917 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшамен бекітілген халыққа туберкулез кезінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартында:

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Туберкулезбен ауыратын адамдарға паллиативтік медициналық көмек "Қазақстан Республикасында ересек халыққа паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21687 болып тіркелген) сәйкес және клиникалық хаттамаларға сәйкес көрсетіледі."

6. "Қазақстан Республикасында нефрологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № ҚР ДСМ-114 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30187 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында нефрологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бүйрек аурулары бар пациенттерге паллиативтік көмек Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21687 болып тіркелген) Қазақстан Республикасында ересек халыққа паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына сәйкес көрсетіледі."

7. "Қазақстан Республикасында ревматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 45 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32147 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында ревматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартында:

93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"93. Жүрек, өкпе, бауыр, бүйрек функциясы жеткіліксіздігінің декомпенсациясы сатысында СБЖА және ДТЖА бар пациенттерге паллиативтік көмек "Қазақстан Республикасында ересек халыққа паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21687 болып тіркелген) және КХ сәйкес көрсетіледі."

8. "Қазақстан Республикасында анестезиологиялық және реаниматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 78 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32409 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында анестезиологиялық және реаниматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартында:

57-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында ересек халыққа паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21687 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрық) сәйкес ем алып жатқан паллиативтік көмекке мұқтаж пациенттер РҚТБ-ге ауыстыруға жатпайды."

9. "Қазақстан Республикасында АИТВ инфекциясы кезінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 15 қазандағы № 107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37158 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында АИТВ инфекциясы кезінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартында:

26-тармақтың 18-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"18) "Медициналық оңалту көрсетудің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21381 болып тіркелген) сәйкес медициналық оңалтуды және "Қазақстан Республикасында ересек халыққа паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21687 болып тіркелген) сәйкес паллиативтік көмекті ұйымдастыру және жүргізу;"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК